

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**



**Тасымалы аудиожүйе**  
**DEXP P540**

# Мазмұны

<b>Құрылғының қолданылу мақсаты</b> .....	5
<b>Сақтық шаралары</b> .....	5
<b>Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша кеңестер</b> .....	6
<b>Басқару панелінің сұлбасы</b> .....	8
<b>Пайдалану нұсқаулығы</b> .....	9
Bluetooth бойынша жұптасу .....	9
Файлдарды USB тасығыштан / жады картасынан ойнату .....	9
Радио режимі .....	9
Сигнал көзіне сызықтық қосылу .....	9
TWS (True Wireless Stereo) функциясы .....	10
Құрылғыны зарядтау .....	10
<b>Ықтималды проблемалар және олардың шешімі</b> .....	10
<b>Техникалық сипаттамалар</b> .....	11
<b>Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары</b> .....	11
<b>Қосымша ақпарат</b> .....	13

## Құрметті сатып алушы!

«DEXP» маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін сізге алғысымызды білдіреміз.

Біз сізге жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды қуана ұсынамыз. Пайдаланбас бұрын, қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және осы өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланып отырыңыз.

## Құрылғының қолданылу мақсаты

Тасымалы музыкалық аудиожүйе музыка ойнатуға, соның ішінде желілік розеткаға қосылу мүмкіндігі жоқ жерлерде ойнатуға арналған.

## Сақтық шаралары

1. Құрылғыны тікелей жылу көздері мен қыздырғыш элементтердің жанына орнатпаңыз.
2. Құрылғыны ылғал, жаңбыр және тікелей күн сәулесі әсерінен қорғаңыз.
3. Құрылғыны суға батырмаңыз және тікелей су көзінің жанында қолданбаңыз. Корпусының ішіне су кірсе, дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
4. Құрылғыны құлаудан, соққылардан, селкілдеуден қорғаңыз.
5. Құрылғының бұзылмауы және пайдаланушының денсаулығына зиян келмеуі үшін құрылғы корпусының ішіне бөгде заттардың кірмеуін қадағалаңыз.
6. Құрылғыға рұқсат етілмеген манипуляциялар жасау (түрлендіру, жөндеу т.б.) құрылғыға және денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
7. Ашық жалын көздерін құрылғының жанына немесе тікелей оның корпусына қоймаңыз.
8. Құрылғыны тұрақсыз және тегіс емес беттерге қоймаңыз.
9. Құрылғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету саңылауларын жаппаңыз. Аспапты жұмсақ беттерге (диван, кресло, кілемше және т.б.) орналастырған кезде ауа айналымын қамтамасыз етіңіз.
10. Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.
11. Құрылғыны жерге құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың көзге көрінетін зақымдануы болған кезде пайдаланбаңыз. Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.
12. Құрылғының жұмысында кез келген ақаулар анықталса, оны дереу өшіріп, өкілетті сервистік орталыққа хабарласуға кеңес беріледі.
13. Құрылғы күтімі үшін құрамында бензол бар заттарды, спирттерді, еріткіштерді, т. б. қолданбаңыз, себебі олар құрылғыны, сондай-ақ оның боялған бетін бүлдіруі мүмкін. Құрылғыны тазарту үшін тек құрғақ жұмсақ (аздап ылғалданған) шүберекті пайдаланыңыз.
14. Музыканы дыбысын қатты қойып тыңдау есту қабілетіңізге зиян келтіруі мүмкін.

15. Құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты бақылау жүргізетін басқа жандар жүзеге асырған жағдайларды қоспағанда пайдалануына арналмаған. Балаларға осы құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
16. Құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.

## **Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша кеңестер**

*Құрметті пайдаланушы! Сіз сатып алған құрылғы қуат көзі ретінде литий негізіндегі батареяны қолданатынына назар аударыңыз. Төмендегі ақпаратты мұқият оқып шығыңыз. Бұл сізге батареяның қызмет ету мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдардың алдын алуға көмектеседі.*

### **Батареяның табиғи тозуы**

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтау және пайдалану кезінде аккумулятор батареясы (АКБ) заряды мен сыйымдылығын жоғалтуға бейім болады. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 заряд-разряд циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану) батареяның сыйымдылығының номиналды сыйымдылықтың 80%-на дейін төмендеуі мүмкіндігін күтуге болады. АКБ сыйымдылығы 400 заряд-разряд циклінен кейін номиналды сыйымдылықтың 60%-на дейін төмендеуі мүмкін.

Белгіленген шектерде және уақыт кезеңінде сыйымдылықтың ішінара төмендеуі — бұл ақаулық болып есептемейтін АКБ-ның табиғи тозуы.

АКБ қуатын құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да жоғалтады. Өздігінен разрядталу айына шамамен 5% құрайды. АКБ құрылымы бойынша ұзақ пайдалануға жарамайды және пайдаланылу-пайдаланылмауына қарамастан үнемі жұмысы төмендейді. Температура неғұрлым жоғары болса және қуат мөлшері 40 %-ға тең болуы қажет «оңтайлы» (сақталуы тұрғысынан) шамадан неғұрлым алшақтаса, бұл төмендеуі соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, онда оның қуатын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

### **1. Тек түпнұсқа зарядтау кабелін пайдаланыңыз.**

Аккумулятор батареясының зарядталу-разрядталу қабілеті оған кіріктірілген контроллер арқылы басқарылады. Заряд пен разряд токтары шектеулі болғандықтан сыртқы зарядтағыш құрылғыларда түпнұсқа жиынтыққа кірмейтін «жылдам зарядтаудың» мәжбүрлі режимдерін қолдануға болмайды. АКБ-да «жады әсері» деп аталатын мүмкіндік жоқ. Батареяны разрядтауды/зарядтауды кез-келген деңгейден бастауға болады. Көптеген құрылғыларда заряд-разряд дәрежесі бойынша шектеу қойылған — мысалы, заряд 90%-дан асса контроллер АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол

батареяның толығымен разрядталуына мүмкіндік бермей, элементтерінің істен шығуына кедергі болады («терең зарядтау» әсерінен).

Егер АКБ разрядталған күйде 2 апта немесе одан ұзақ тұрса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүріп, оның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғы батареясының заряды таусылған және ол біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғының жұмысын қалпына келтірмес бұрын оны зарядтағышқа 1-2 сағаттай қосып қою керек.

## **2. Температура режимін сақтаңыз.**

Батареяларды зарядталған күйде +15 °С... + 35 °С аралығындағы температурада сақтау керек.

Батареялар қоршаған ортаның өте жоғары (+50 °С жоғары) және өте төмен (-30 °С төмен) температурасында ұзақ уақыт пайдалануға жарамайды. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны электр қыздырғыштары сияқты жылу көздеріне тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

## **3. АКБ-ны бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдалу белгілері болғанда пайдаланбаңыз.**


АКБ-ны ешбір жағдайда өз бетіңізше бөлшектемеңіз және олардың элементтерін зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жаншу арты өрт пен жарылысқа апаратын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін.

АКБ корпусының тұтастығы бұзылғанда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, оның салдарынан сутегі бөліне жүретін реакция орын алып, өрт шығуы мүмкін. Бүлінген АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды шығарады.

АКБ қалыпты режимде жұмыс істемейтін болса, қандай да бір себеппен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т. б.), дереу авторландырылған сервистік орталыққа хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** АКБ жұмыс істеу уақыты көптеген факторларға байланысты (тыңдау ұзақтығы, дыбыс деңгейі және т. б.); нақты жұмыс уақыты көрсетілгенмен бірдей болмауы мүмкін. АКБ-ның зарядталу циклі шектеулі және оны біраз уақыттан кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін. Батареяның жұмыс істеу уақыты пайдалану режимі мен параметрлерге байланысты.

## Басқару панелінің сұлбасы



1. «-» түймесі:
  - Бір рет басыңыз — дыбыс деңгейін төмендету
  - Басып ұстап тұрыңыз — алдыңғы трек.
2. «+» түймесі:
  - Бір рет басыңыз — дыбыс деңгейін арттыру.
  - Басып ұстап тұрыңыз — келесі трек.
3. Көмескі жарықты ауыстырып қосу түймесі: RGB — ақ — көмескі жарықты өшіру.
4. «▶» түймесі:
  - Бір рет басыңыз — ойнату/кідірту.
  - Басып ұстап тұрыңыз — дауыс көмекшісін іске қосу (қосылған мобильдік құрылғыда).
5. «M» түймесі:
  - Бір рет басу: сигнал көзін ауыстырып қосу (Bluetooth > USB > FM > AUX).
6. «∞» түймесі: TWS режимі.
7. «O» түймесі: құрылғыны қосу/өшіру
8. Аккумулятор заряды деңгейінің индикаторы.
9. USB тасығышқа арналған кіріс ағытпа.
10. Сызықтық AUX кірісі.
11. Микрофонға арналған кіріс ағытпасы.



# Пайдалану нұсқаулығы

## Bluetooth арқылы жұптасу

1. «О» түймесін басып құрылғыны қосыңыз. Дыбыстық сигнал естисіз, «О» түймесі жанып, содан кейін көк болып жыпылықтайды.
2. Мобильді құрылғыңызда Bluetooth іске қосыңыз.
3. Қосылу үшін қол жетімді Bluetooth құрылғыларын іздеңіз, алынған тізімнен «DEXP P540» таңдаңыз.
4. Құрылғының атауын түртіп, байланыс орнатыңыз. Индикатор шамы жыпылықтауын тоқтатып, құрылғы қысқа дыбыстық сигнал береді.
5. Сигнал көзінен немесе құрылғының басқару панеліндегі түймелер көмегімен ойнатуды басқарыңыз.
6. Bluetooth құрылғысымен жұпты ажырату үшін «∞» түймесін басып ұстап тұрыңыз.

## Файлдарды USB тасығыштан/жад картасынан ойнату

1. «О» түймесін басып құрылғыны қосыңыз.
2. USB тасығыштан немесе жад картасынан аудио файлдарды ойнату үшін, тасығышты құрылғының тиісті ұяшығына салыңыз. Ойнату автоматты түрде басталады.

3. Ойнатуды құрылғы панеліндегі тиісті түймелер көмегімен басқарыңыз.

**Ескерту:** құрылғы Bluetooth режимінде жұмыс істегенде тасығышты тиісті ұяшыққа салу тасығыштан ойнатуды автоматты түрде бастайды. Bluetooth режиміне ауысу үшін «М» түймесін басыңыз.

## Радио режимі

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** радио функциясының толық жұмыс істеуі үшін құрылғыға зарядтау кабелін (оның екінші ұшын қуат көзіне қоспай) жалғау керек. Бұл кабель радио-антенна ретінде де қызмет етеді.

1. Micro-USB кабелін FM антеннасы ретінде қосыңыз.
2. «О» түймесін басып құрылғыны қосыңыз.
3. Радио режиміне ауысу үшін «М» түймесін басыңыз.
4. Радиостанцияларды автоматты түрде іздеуді бастау үшін «▶» түймесін басып ұстап тұрыңыз.
5. Анықталған радиостанциялар арасында ауысу үшін «-» және «+» түймелерін басып ұстап тұрыңыз.

## Сигнал көзіне сызықтық қосылу

1. Жиынтықта берілген аудиокабель көмегімен құрылғыны сигнал көзіне қосыңыз.
2. AUX режиміне ауысу үшін «М» түймесін басыңыз.
3. Сигнал көзі құрылғысында ойнатуды басқарыңыз.

## TWS (True Wireless Stereo) функциясы

TWS технологиясы стерео дыбыстық эффектісі бар сымсыз екі арналы жүйені құру үшін Bluetooth бойынша жұптасатын екі динамикті пайдалануға мүмкіндік береді.

1. TWS байланысын құру үшін екі динамикті Bluetooth сигналының жұмысы диапазонда орналастырыңыз. Қосылу кезінде екі құрылғының аты бірдей болуы керек.
2. Екі динамикті де қосыңыз, содан кейін құрылғылардың біріндегі «∞» түймесін басыңыз.  
Бұл құрылғы жұптағы «жетекші» құрылғы болады.
3. Құрылғы жұптастыру басталғаны туралы дыбыстық сигнал береді.
4. Жұптастыру аяқталғаннан кейін құрылғы үш рет дыбыстық сигнал шығарады және «∞» түймесі жыпылықтамай қосылады.
5. TWS жұбын ажырату үшін жетекші динамиктегі «∞» түймесін басыңыз.

## Құрылғыны зарядтау

1. Құрылғыны қуат көзіне жиынтықта берілетін USB кабелі арқылы қосыңыз.
2. Зарядтау циклінің ұзақтығы: 5-8 сағат.
3. Құрылғыны зарядтап жатқанда аудионы ойнатқанда, зарядтағыш құрылғы бұзылмауы үшін дыбысты максималды деңгейге қоймаңыз.
4. Аккумулятор батареясының қызмет ету мерзімін қысқартпау үшін құрылғыны қатарынан 8 сағаттан артық зарядтамаңыз.

## Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Аккумулятор зарядының деңгейін тексеріңіз.
Дыбыс жоқ немесе тым ақырын шығады.	Ойнатқыш пен сигнал көзіндегі дыбыс деңгейін тексеріңіз. Қажет болса, дыбыс деңгейін арттырыңыз.
	Сигнал көзінің ойнатқышқа дұрыс жалғанғанын тексеріңіз
Дыбыстың бұрмалануы.	Дыбыс деңгейін тікелей сигнал көзінде оңтайлы деңгейге дейін реттеңіз.

## Техникалық сипаттамалар

- Моделі: P540.
- Аккумулятор сыйымдылығы: 7.4 В, 4400 мАсағ (32,56 Вт-сағ).
- Қуат адаптерінің (жиынтыққа кірмейді) параметрлері: Type-C, DC 5 В / 2 А.
- Динамиктер параметрлері: 2.5 дюйм, 4  $\Omega$  x 2.
- Сабвуфер параметрлері: 4 дюйм, 4  $\Omega$ .
- Арналар саны: 2.1.
- Шығыс қуаты: 80 Вт.
- Зарядталу уақыты: 5-8 сағат.
- Ойнау режимінде жұмыс істеу уақыты: 10 сағатқа дейін.\*
- Bluetooth нұсқасы: 4.2 + BR.
- Bluetooth әсер ету радиусы: 10 метрге дейін.
- Жұмыс істейтін құрылғылар: USB, Bluetooth, FM, AUX-IN.
- Қорғаныс деңгейі: IPX5.
- TWS функциясы жұмыс істейді.
- Құрылғыны тасымалдауға арналған эргономикалық тұтқа.
- Өлшемдері: 452 x 182 x 234 мм.
- Жиілік диапазоны: 80 Гц-12 кГц.
- Сигнал/шу қатынасы:  $\geq 68$  дБ.
- THD:  $\leq 10\%$ .
- Жиынтықтама: тасымалы музыкалық ойнатқыш, USB/Type-C зарядтау кабелі, AUX аудио кабелі Jack 3,5мм, пайдаланушы нұсқаулығы.

---

\*Ойнату уақыты дыбыс деңгейіне байланысты.

## **Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), өткізу және кәдеге жарату ережелері және шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында, өндіруші қаптамасында, 5°С...40°С температура аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде сақтау керек. Жайларда коррозия тудыратын қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғанда оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кәдеге жарату және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне қайта өңдеуге тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Хуэйчжоу Цземэйсы Тэкнолоджи Ко., Лтд.  
№ 63, Цинтан Дашулин Хумэй көш., Сяоцзинькоу Стрит кеңсесі, Хуэйчэн ауд.,  
Хуэйчжоу қ., Гуандун провинциясы, Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**  
ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С,  
Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**  
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,  
Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2011 ЕАЭО ТР «Техникалық құралдардың электр магниттік сәйкестілігі» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы мен функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының іс жүзіндегі интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

**Интернеттегі мекенжайы:** [www.dexp.club](http://www.dexp.club)



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>





[www.dexp.club](http://www.dexp.club)